



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

антипатриоттық, суайт баспасөздерді атайды.

Соңғы микрожүйе «көгілдір» түс- «алаңсыз», «тыныштық» , яғни «көгілдір аспанды» символдайды. Мысалы, Қазақстан Республикасының туының түсі көк көгілдір, бұл төбедегі бұлтсыз ашық аспанның биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын аңғартады. Бұлтсыз көк аспан барлық халықтарда әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған. Ежелгі түркі тілінде «көк, көгілдір» сөзі аспан деген ұғымды білдіреді. Көк түс түркітілдес халықтары үшін қасиетті ұғым. Дегенмен, ағылшын мәдениетінде «көк, көгілдір» сөзі «тыныштық» мағынасына теріс келеді. Ағылшын тілінде «көгілдір» сөзімен көптеген жағымсыз тұрақты тіркестер бар. Blue: «мұңайған, көңіл күйі жоқ» деген мағынаны символдайтын (in a blue mood -in low spirits, to feel blue -to feel depressed or melancholy, blue devils-depression of the spirits); «дөрекі, әдепсіз» (the air was blue -a lot of bad or violent language was used).

Осылайша, «түстер» адам өмірін қоршаған әлемге деген белгілі бір ассоциациялық көзқарасты туғызуға басты рөл атқарады. «Түстердің» ассоциациясын олардың кез келген тілдерде қолданатын тұрақты тіркестер арқылы байқауға болады(түр түстері бар тұрақты тіркестер), себебі олар ертеден бері қолданып келген, яғни тұрақтанған, сондай-ақ лексикалық мағынасы тұрақты, әрі ажырамас бөлік ретінде болғандықтан.

Қорыта айтқанда, символдық мағынаның қазақ және ағылшын тілдерінде берілу тәсілдерін қарастыру барысында халықтық терең дүниетаным, түсінікті, ұлттық сана мен парасат-пайымды, эстетикалық көзқарас пен адамгершілік құндылықтарды тануға болады.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1977.- 157 б.
2. Алимпиева Р. В. Семантическая структура слова «белый» // Вопросы семантики. Вып. 2. Л., 1976. С. 17–27
3. Залесский Б. Қазақ сахарасына саяхат. – Алматы: Өнер, 1995. – 131 бет.
4. Кондратов А.М. Звуки и знаки. – Москва: Знание, 1978. – 208 стр.
5. Bennett T. J. A. Aspects of English Colour Collocations and Idioms. Heidelberg, 1988.
6. Потебня А.А. О некоторых символах в словянской народной поэзии. – Харьков:Мирный труд, 1914. – 243 стр.
7. The Dictionary of Phrase and Fable by E. Cobham Brewer. L., 1971.

УДК 651.926

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ТЕРМИН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Токтаубаева Сандугаш Сержановна

koperbaeva_sandugash@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Л.Б. Киманова

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)– арнайы ақпараттың көмегімен, кез келген тұлғаларға әр түрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер. Қоғамның өмір сүруін қамтамасыз етудегі бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы зор.

Бұқаралық ақпарат құралдары төртінші билік болып табылатыны мәлім. Бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі адам бостандығының маңызды алғы шарты болып табылады,яғни қоғам мен мемлекеттегі жоғарғы құндылық болып саналады. Себебі, бұқаралық ақпарат еркіндігінсіз, яғни сөз еркіндігісіз азаматтық қоғамды елестету мүмкін

емес.

Бұқаралық ақпарат құралдары – адамдардың әлеуметтік және мәдени қарым-қатынасының ұйымдасқан түрі, рухани және интеллектуалдық әсер етудің, жаңа идеялар мен көзқарастарды таратудың қуатты құралы. Бұқаралық қатынас әлеуметтік құбылыс ретінде қоғамдағы материалдық, саяси және идеологиялық қатынастар құрылымының ажырамас бөлшегі болып саналады. [14, 370 б.]

Қазіргі заманда телевизия, радионың жалпы қоғамға, аудиторияға тигізер ықпалы зор. Қазіргі кезде радиохабарлардың бұқаралық сипаты мен жеделдігі қарқын ала түскен. Мемлекеттің ішкі, сыртқы саясаты жөнінде, ел ішіндегі, әлемдегі маңызды оқиғалар мен жаңалықтар жөнінде қалың жұртшылыққа дер кезінде хабар – ошар таратып отыру бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік мәнділігін одан сайын күшейтіп отыр. Оның үстіне, қазіргі кезде инженерлік технологияның даму қарқынымен байланысты БАҚ – тың өнімдері оқуға, тыңдауға, көруге жағымдылығы, қолайлығы артып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі қоғам өміріндегі маңызы өте зор, қабылдаушының санасына, ойлау жүйесіне, тіл мәдениетіне тигізер әсері орасан зор. Жаңа сөз тіркестері мен жаңа сөздердің, терминдердің көп бөлігі ақпарат құралдары арқылы тарайды. Оқырманның көп бөлігі жаңа терминдерді салалық терминологиялық сөздіктерден емес, баспасөз материалдары мен электронды ақпарат құралдары арқасында танып жатады. Ал кейбір оқырмандар журналистердің жаңа сөз қолданыстарын бекітілген термин ретінде қабылдап қалады, оған қоса публицистикалық стильді әдеби тіл нормасы деп есептейді. Кейде қандай да бір сөз, сөз тіркесі, термин не сөйлемді бұлай қолдануға болмайды деген кезде, «газетте солай жазылған», «теледидардан немесе радиодан осылай айтты» дегенді жиі естуге болады. Қарапайым тыңдаушы, оқырман мен көрермен газеттен, теледидардан, радиодан естіп, оқып білгенін сол күйінде, норма ретінде қабылдайтындықтан, ақпарат құралдарының тілдік норманы қалыптастыруда да атқаратын қызметі өте жауапты болып табылады. Түрлі тақырыптағы ақпарат тарату арқылы көпшіліктің санасында үлкен әсер қалдыратындықтан барлық ақпарат құралдары әр түрлі тақырыптағы материалдарды жариялауда, хабар таратуда тіл нормаларының сақталуына, терминдердің дұрыс қолданылуына баса назар аударғандары жөн.

«Төртінші билік» атанған бұқаралық ақпарат құралдарының аудитория ауқымының кеңдігі, тақырып мазмұнының әр алуандылығы мен жан-жақтылығы, мәтіндерінің функционалдық-стистикалық және мазмұндық бірлігі, әлеуметтік және ұлттық жағынан күрделі аудиторияға бағытталғандығы сияқты ортақ маңызды белгілері бар. Өте сирек қолданылып немесе қолданыстан мүлде шеттеп қалған талай сөздеріміздің ғылым тіліне еніп, оның ұлттық сипатының арта түсуіне сөз қадірін жақсы білетін журналистер мен жазушылар қауымы үнемі көңіл бөліп отыратынын білеміз. Ал жалпы терминжасам арнаулы салалар мамандары мен терминлогтардың атқаратын ісі. Ғылым мен техниканың, өнердің терминдер қорын жасайтын да, терминологиялық сөздіктер түзетін де өз салаларының ұғымдар жүйесінің жайын жақсы білетін салалық мамандар. Баспасөздің терминологияны қалыптастырудағы рөлі оның жаңалықтардың жаршысы болумен бірге қалың көпшіліктің үнін білдіре отырып, қоғамдық пікір туғызатын қуатты құрал, үлкен күш екендігімен тығыз байланысты. Кез келген жаңа термин салалық терминологиялық сөздікте немесе ғылыми еңбекте ғана қолданылуымен шектелсе, оның тілде орнығып, термин ретінде қалыптасуы ұзаққа созылуы мүмкін. Кейде әр түрлі терминологиялық сөздіктерде бір ғана ғылыми ұғым бірнеше атауға ие болуы және бір сөздікте қазақша баламалардың бірнеше нұсқасы жарыстырыла берілуі бізде жиі ұшырасатын құбылыс. Мұндай жағдайда бір терминнің тұрақтауының өзі қиынға соғады. Ал термин белгілі бір ғылым саласының тар шеңберінде, терминологиялық жүйенің өз ішінде ғана қолданылмай бұқаралық ақпарат құралдарында да кең қолданыс тауып жатса, онда оның жұртшылықтың санасына тез сіңіп, қалыптасып кетуіне де мүмкіндік мол. Мысалға алсақ, *егемендік*, *жекешелендіру*, *әнұран*, *елтаңба* сияқты терминдер 90-жылдардың басында баспасөз беттерінде жиі қолданылып, телеарналар мен радиодан жиі айтылғандықтан және бірізділік сақталғандықтан олардың қалыптасу

мерзімі де ұзаққа созылған жоқ. Керісінше, *отбасы, жанұя, үйелмен* сөздерінің әр түрлі басылымдарда әркелкі жұмаслуы жарыспалылыққа апарып, бұл нұсқалардың бірінің тұрақтауына ықпал ете алмады. Отбасы нұсқасын Мамтерминкомның ресми бекіткеніне қарамастан оның орнығуына қол жеткізудің мүмкіндігі болмады. Өйткені кейбір ақпарат құралдары әлі де *жанұя* сөзін қолданып жүр, тіпті «Біздің жанұя» деген газет те шығып үлгерді. Баспасөзде жіберіліп жатқан мұндай кемшіліктер мемлекеттік тілдің мәртебесін өсіреді дей алмасақ керек. Терминдерді бұлайша жауапсыз қолдану тілімізге ала-құлалық әкеледі, қалыптасып келе жатқан бірізділікті бұзады. [10, 382 б.]

Қазірге дейін отбасы және жанұя сөздері жарыса қолданылып жүр. Терминнің бірізді және жиі қолданылуы оның тілде, терминологиялық жүйеде тұрақтануына тікелей әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Сондықтан баспасөз беттерінде терминдерді қолданушылар осы жауапкершілікті сезінулері керек. «Басқалар қайсыған тоқталғанында жұмысым жоқ, мен мына терминді қолданамын» деп әркім өзім-білділік жасайтын болса, біз термин қалыптастыру жұмысын дұрыс жолға қоя алмаймыз. Осы тұста бұқаралық ақпарат құралдарының арасындағы нарық заманына лайық бәсекелестіктің, бақталастыққа ұласып кетпеуіне жол беріп алудан сақ болған абзал. Бір басылымда немесе теле, - радио арналардың бірінде қолданылып жүрген, тәп-тәуір жасалған терминді екінші басылым мен арнаның көпе-көрнеу шеттетіп, аса сәтті жасалмаса да өз нұсқасын ұсынып жататыны аңғарылып қалып жататын жайт екендігі ешкімге құпия болмаса керек. [11, 384 б.]

Алайда бұдан шығып жатқан қорытынды салалық терминологиялық сөздіктердегі қамтылған терминдердің барлығымен баспасөз арқылы оқырман қауымды, сала мамандарын таныстыру қажет екен деген түсінік тұмауға тиіс.

Әр басылымда бір терминнің түрлі нұсқасы қолданылып жарыспалылықтың орын алып жатуының сыры неде: осының болғаны дұрыс па? - деген мәселеге таза лингвистикалық тұрғыдан келер болсақ, жалпы термин қалыптастырудың алғашқы кезеңінде жарыспалылықтың болғаны дұрыс, тіпті қажет деуге болады. Өйткені белгілі бір ғылыми ұғымды атауға әр ғылым немесе салалық маман әр қырынан келуі мүмкін. Ұғымның бірнеше белгісі болады. Оған ат қою кезінде тілде бұрыннан бар сөз алынса да жаңа сөз жасалса да термин жасаушылар сол белгілердің біріне немесе бірнешеуіне табан тірейді. Ұғымның мазмұнын аша түсетіндей басты белгілер оның атауынан көрініс тауып жатса, сол атаудың тілді тұтынушылардың санасына тез сіңіп, қалыптасып кетуіне де мүмкіндік мол. Термин жасаушылардың осыны ескергені жөн. Жаңадан қолданысқа еніп жатқан терминдерді сынға алып, бұл атау арнаулы ұғымның мазмұнын бере алмайды дейтіндердің көбісі ұғымның белгілері, мағынаның ішкі құрылымы дегенді біле бермейді. Жаңадан қолданысқа ене бастаған терминнің атауынан ұғымның өзі білетін бұрынғы немесе өзге тілдегі атауында қамтылған бір белгіні көре алмаса болды жаңа атауды жарамсыз деп санайды. Атау «ұғым мазмұнын бере алмайды» деп ұғады. Сынға ала бастайды, өз нұсқасын ұсынады. Мұндай қадам кәсіби біліксіздіктен, әсіресе, сөз мағынасының табиғатын түсінбеуден туындайтын үстірт пайымдауға, біржақты пікір айтуға апарып соқтырады. Кейде термин жасаушылар қайткенде де өзі ұсынған атауын қолданысқа енгізуім керек деп өзге пікірлер мен ұсыныстарды ескерусіз қалдырады. Кәсіби біліктілікті ығыстырып қойып, жеке басының беделі мен лауазымын, атақ-даңқын алға тарта отырып термин қалыптастыруға ықпал еткісі келетін жағдайлар да кездесіп қалады. Термин қалыптастыру ісінде мұндай біржақтылықтан сақ болған жөн. Ал жалпы алғанда, бір ұғымның атауы ретінде бірнеше терминнің қатар ұсынылуы табиғи құбылыс. Бірнеше балама ұсынылса, таңдау мүмкіндігі де мол болары белгілі. Сол ұсынылған нұсқалардың ішінен ең ұтымдысын таңдап, соны қолданысқа енгізу терминология мәселелерін зерттеп отырған ғылыми мекемелер мен мамандардың, терминологиялық жұмыстардың республикалық деңгейде жүргізілуін үйлестіріп отыратын мемлекеттік органның міндеті. Қазіргі Мемтерминком біршама өнімді жұмыс жүргізгендігіне қарамастан, ол міндетті мүлтіксіз атқарып отыр деуге әлі ертелеу. Сондықтан термин қалыптастырудың бастапқы кезеңіндегі жарыспалылықты жалғастыра бермей дер кезінде сұрыптау жұмыстары жүргізіліп, ұтымды жасалған терминдер ғана жаппай

қолданысқа көшіп, бірізділік сақталып отыруы керек.

Бір сөздің бірнеше мағынасы болуы терминологияда жарыспалылық деп аталатын үлкен мәселе. Жарыспалылық - бір ғылыми ұғымның бірнеше сөзбен аталуы. Дипломатия саласында да бұндай терминдермен жиі кезіктіріп жатамыз. Мысалы: протокол - хаттама, мәжілісхат, дубликат - копия, көшірме, устав - жарғы, жарлық, резюме - резюме, түйіндеме т.т. Егер «стремление к точности ограничивает возможности синонимических замен», «термины однозначны, им обычно не свойственна синонимия. Это приводит к ограничению использования синонимов и даже отказу от них в официально - деловой сфере» [15, 115 б.], деген ғалымдар пікірімен терминнің бір мағыналық, дәлдік сипатын ескерсек, жарыспалылықтың болуы - терминге қойылатын талапқа қайшы келеді. Бірақ ғалымдар жарыспалылықтың дамушы тілдің бәрінің басында ылғи болатын құбылыс және ақырында мұның бірінің ғана терминдік сипатқа көшетінін айтады.

Ал кірме сөздерді қазақ тілінің табиғатына лайық қолдануға болатынына көптеген мысалдар келтіруге болады. Ресей, Мәскеу, тауар, жәрмеңке, Еуразия т.б.

Қазіргі кезде де қазақ тіліне орыс тілі арқылы латын, грек, ағылшын, француз, неміс, итальян, араб, парсы, т.б. тілдерден көптеген терминдер енген. Латын тілінен: деректемелер - реквизиты (requisit), тұжырымдама - концепция т.б. Грек тілінен: домалақ арыз - анонимка (anonymos), іс жүзінде - практический (praktikas), рақымшыл - амнистия (amnistia) т.б.

Неміс тілінен: мәжіліс - парламент (parlament) т.б. Француз тілінен: дипломат - дипломат (diplomate), баянат - рапорт (rapport), төрелік сот - арбитражный суд (arbitrage), түйіндеме - резюме (resume), төлқұжат - паспорт (passeport).

Тілімізге енген бұл сөздер өзіміздің төл сөзіміздей болып кетті.

«Қазақ, орыс, шет тілдерінің сөз материалдары арқылы жасалған терминдер біздің халқымыздың ұлттық байлығына қосылған мол үлес болып табылады» [2, 154 б.].

Бүгінгі күні тілші - мамандарды, тіл жанашырларын толғандырып жүрген публицистикалық стиль тіліндегі терминология мәселелеріне тілдегі ала-құлалыққа апаратын құбылыс ретінде емес, тіліміздің байлығын арттырып, дамуына ықпал ететін оң шешімге апаратын жол есебінде қарауымыз қажет сияқты.

Дипломатиялық терминдер болсын, басқа салалық терминдер болсын тіл-тілде өзіндік ерекшеліктерін, қолданылу аясы, жасалу және қалыптасуын салыстыру арқылы айқындап, анықтауға болады.

Сонымен, публицистикалық стильде, яғни бұқаралық ақпарат құралдарындағы ғылыми терминдердің ішінде дипломатиялық терминология сан жағынан едәуір орын алады. Бұқаралық ақпарат құралдарыжаңа идеялар мен көзқарастарды, сондай-ақ, жаңа ұғымдарды, атауларды таратудың қуатты құралы болып саналатындықтан, терминдердің, әсіресе жаңа терминдердің қолданысқа еніп, тілге сіңісті болуына бірден-бір себепші.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақ ономастикасы мен терминологиясының өзекті мәселелері. «Информ – А». -Алматы - 2005. Ы. Ақайұлы. Терминнің қолданыс аясы.
2. Кожина М.Н. Стилистика русского языка. -М.; Просвещение, 1983.
3. Лозина Н.М. Делопроизводство в системе государственного управления. -М., 1982.
4. Дүйсембекова Л. Іс-қағаздарын қазақша жүргізу. -Алматы. Ана тілі. 2000.
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Елорда, 2002, 253 б.

УДК 81'06.053.56

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ АУДАРМАШЫЛАРДЫ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ